

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № А-2/27 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № А-6/249 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 шілдеде № 6014 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № А-2/27 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5805 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 16 наурызда жарияланған) келесі өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулының қосымшасында:

2-тармағы келесі мазмұндағы 11), 12), 13), 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) дефектолог;

12) біліктілігі жоғары деңгейдегі барлық санаттағы мамандар және санаты жоқ мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер;

13) біліктілігі орташа деңгейдегі барлық санаттағы мамандар және санаты жоқ мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер;

14) кітапханашы."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары Д.З. Әділбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

*Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы*

2017 ЖЫЛҒЫ 05.06.

М.Мырзалин

Д.Нұрмолдин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК